ФАКУЛЬТЕТ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы
2026 ж.

КІРІСПЕ

1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ	ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Академиялық мәселелер қызметі
2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен 2026 жылғы «29» қаңтардағы № 7 хаттама № 1 баспа
3. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ	
4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ	3 жыл

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР..... 4
2. ФАКУЛЬТЕТ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ..... 4
3. ФАКУЛЬТЕТ КЕҢЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ..... 5
4. ФАКУЛЬТЕТ КЕҢЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ..... 5
5. ФАКУЛЬТЕТ КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ..... 6
6. ФАКУЛЬТЕТ КЕҢЕСІ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРІ 6
7. ФАКУЛЬТЕТ КЕҢЕСІ МЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ..... 6
8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР 7
9. ҚОСЫМША 1. ФАКУЛЬТЕТ КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ НЫСАНЫ..... 8
10. ҚОСЫМША 2. ФАКУЛЬТЕТ КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП НЫСАНЫ..... 9
11. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ..... 10
12. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ..... 11

«Бекітілді»
ҚР МАМ «Т. Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
Ғылыми кеңес төрағасы
А. Жудебаев
№ 7 хаттама 2026 жылғы «29» қаңтар

1. Жалпы ережелер.

1. Осы Ереже Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының факультет кеңесінің (бұдан әрі – Факультет кеңесі) мәртебесін, мақсаттарын, функцияларын, қалыптастыру тәртібін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.
2. Факультет кеңесі өз құзыреті шегінде факультеттің оқу, оқу-әдістемелік, ұйымдастыру және тәрбие қызметі мәселелерін қарауды және шешуді жүзеге асыратын факультеттің алқалы органы болып табылады.
3. Факультет кеңесі білім беру және шығармашылық қызмет бейініне жақын бірнеше кафедраларды біріктіретін факультеттің ерекшелігін ескере отырып құрылады.
4. Факультет кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерін, Академия жарғысын, Академияның жергілікті нормативтік актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.
5. Факультет кеңесі өз қызметін факультет Әкімшілігімен, кафедралармен, академиялық сапа жөніндегі кеңеспен, Академияның оқу-әдістемелік және Ғылыми кеңесімен және ЖОО-ның өзге де құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

2. Факультет кеңесінің құрамы.

6. Факультет кеңесі төраға, мүшелер және хатшы құрамында құрылады.
7. Факультет кеңесінің төрағасы – факультет деканы болып табылады.
8. Факультет кеңесінің құрамына мыналар кіреді:
1) факультет кафедраларының меңгерушілері;
2) факультет кафедраларының профессорлық-оқытушылық құрам өкілдері;
3) факультеттің оқу-әдістемелік және шығармашылық бөлімдерінің өкілдері (қажет болған жағдайда);
4) білім алушылардың өкілдері (факультеттің шешімі бойынша).
9. Факультет кеңесінің сандық құрамы кафедралар саны мен факультеттің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып айқындалады және тақ сан болып белгіленеді.

10. Факультет кеңесінің дербес құрамы Академия басшысының бұйрығымен бір оқу жылына бекітіледі.

3. Факультет кеңесінің негізгі функциялары.

11. Факультет кеңесінің негізгі функциялары мыналар болып табылады:

1) факультеттегі оқу процесін ұйымдастыру мәселелерін қарау;
2) білім алушылардың үлгерімі мен аралық аттестация нәтижелерін талдау және талқылау;
3) факультет кафедраларының оқу-әдістемелік жұмысының мәселелерін қарау;
4) кафедра ПОҚ-ның оқу-әдістемелік жұмыстарын талқылау;
5) факультеттегі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мәселелерін талқылау;
6) білім алушылардың тәрбие және шығармашылық қызметі мәселелерін қарау;
7) факультетті дамыту бойынша кафедралардың ұсыныстарын қарау және келісу;
8) факультет құзыреті шегінде оқу процесін кадрлық қамтамасыз ету мәселелерін талқылау.

4. Факультет кеңесінің міндеттері.

12. Жүктелген функцияларға сәйкес Факультет кеңесі келесі міндеттерді жүзеге асырады:

1) білім алушылардың ағымдағы және аралық аттестациясының қорытындыларын қарау және үлгерімді жақсарту бойынша шешімдер қабылдау;
2) кафедралардың оқу және оқу-әдістемелік жұмысты орындау туралы есептерін талқылау;
3) факультет ПОҚ-ның оқу-әдістемелік, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын қарау және талқылау;
4) оқу процесін ұйымдастыру, сабақ кестесі және аралық бақылау формалары бойынша ұсыныстарды қарау;
5) практикаларды, шығармашылық жобаларды, конкурстарды және оқу-шығармашылық қызметтің басқа да түрлерін ұйымдастыру мәселелерін талқылау;
6) білім алушылардың тәртіп және академиялық жауапкершілік мәселелерін белгіленген тәртіппен қарау;
7) факультет әкімшілігі мен Академия басшылығы үшін ұсыныстар мен ұсынылатын шараларды дайындау.

5. Факультет кеңесінің қызметін ұйымдастыру.

13. Факультет кеңесінің қызметі факультет кеңесінің төрағасы бекітетін жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады. Оқу жылының қорытындысы бойынша факультет кеңесі өз қызметі туралы есеп дайындайды. Жоспар мен есептің ұсынылатын нысандары осы Ереженің қосымшаларында келтірілген.

14. Факультет кеңесінің отырыстары қажет болған жағдайда, бірақ семестрде кемінде екі рет өткізіледі.

15. Факультет кеңесінің отырысы кворум болған жағдайда заңды болып саналады.

16. Факультет кеңесінің шешімдері қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады және факультет құзыреті шегінде орындалуы міндетті сипатқа ие болады.

17. Факультет кеңесінің шешімдері хаттамамен рәсімделеді.

6. Факультет кеңесі қатысушыларының өкілеттіктері мен міндеттері.

6.1. Факультет кеңесінің төрағасы

18. Факультет кеңесінің төрағасы:

1) Факультет кеңесінің қызметін ұйымдастырады және үйлестіреді;

2) Отырыстардың күн тәртібін қалыптастырады және материалдардың дайын болуын қамтамасыз етеді;

3) Факультет кеңесінің отырыстарын өткізеді;

4) Факультет кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

5) Факультет кеңесінің шешімдері мен ұсыныстарын Академия басшылығына ұсынады.

6.2. Факультет кеңесінің мүшелері

19. Факультет кеңесінің мүшелері:

1) Факультет кеңесінің отырыстарына қатысады;

2) Күн тәртібі бойынша мәселелерді талқылауға қатысады;

3) Факультет қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

4) Факультет кеңесінің шешімдерін өз өкілеттіктері шегінде жүзеге асыруға қатысады.

6.3. Факультет кеңесінің хатшысы

20. Факультет кеңесінің хатшысы факультет кеңесінің қызметін ұйымдастырушылық-құжаттамалық сүйемелдеуді, отырыстардың хаттамаларын ресімдеуді және құжаттаманы жүргізуді қамтамасыз етеді.

7. Факультет кеңесі мен Академиялық сапа жөніндегі кеңестің өзара әрекеттестігі.

21. Факультет кеңесі мен Академиялық сапа жөніндегі кеңес білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және білім беру процесінің сапасы мәселелерін қарау аясында өзара әрекеттеседі.
22. Академиялық сапаның сараптамалық бағалануы, бағалау және академиялық адалдық мәселелері Академиялық сапа жөніндегі кеңес қарауына жатады.
23. Факультеттің ағымдағы оқу, оқу-әдістемелік және ұйымдастыру қызметінің мәселелерін факультет кеңесі қарайды.

8. Қорытынды ережелер

24. Факультет кеңесі өз қызметін факультет құзыреті шегінде жүзеге асырады және Академияның Ғылыми кеңесінің функцияларын алмастырмайды.
25. Осы Ереже, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Академия басшысының бұйрығымен бекітіледі және бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы **Г.Б. Әбдірахман**

Қосымша 1. Факультет кеңесінің жұмыс жоспарының нысаны

Факультет кеңесінің _____ оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Қызмет бағыты	Қаралатын мәселелер	Қаралу формасы (отырыс, талқылау, тыңдалым)	Жауапты	Жоспарланған нәтиже
1	Оқу үдерісін ұйымдастыру	Факультетте оқу үдерісін ұйымдастыру мәселелерін қарау	Факультет кеңесінің отырысы	Декан, кафедра меңгерушісі	Кеңес шешімдері
2	Оқу үлгерімі және аттестаттау	Білім алушыларды ағымдағы және аралық аттестаттау нәтижелерін талдау	Ақпаратты тыңдау	Кафедра меңгерушісі	Кеңестер
3	Оқу-әдістемелік жұмыс	Оқу-әдістемелік жұмыс бойынша кафедралардың есептерін қарау	Талқылау	Кафедралар	Ұсыныстар
4	Оқу-әдістемелік және шығармашылық жұмыстар	ПОҚ оқу-әдістемелік, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын талқылау	Талқылау	ПОҚ	Кеңестер
5	Практика және шығармашылық қызмет	Практикаларды, шығармашылық жобаларды ұйымдастыру мәселелерін қарау	Отырыс	Жауапты тұлғалар	Шешімдер
6	Тәрбие жұмысы	Тәрбие және сабақтан тыс жұмыс мәселелерін қарау	Талқылау	Кураторлар	Ұсыныстар
7	Өзге де мәселелер	Қажет болған жағдайда	Кеңес шешімі бойынша		Шешімдер

Қосымша 2. Факультет кеңесінің қызметі туралы есеп нысаны

_____ оқу жылындағы факультет кеңесінің қызметі туралы есеп

1. Жалпы ақпарат

- Факультет кеңесінің құрамы;
- Өткізілген отырыстар саны;
- Есептік кезеңде қаралған негізгі мәселелер.

2. Негізгі қызмет бағыттары

2.1. Оқу процесін ұйымдастыру

Қаралған мәселелер мен қабылданған шешімдердің қысқаша сипаттамасы.

2.2. Білім алушылардың үлгерімі және аттестациясы

Ағымдағы және аралық аттестация нәтижелерін талдау, қабылданған шаралар мен ұсыныстар.

2.3. Оқу-әдістемелік жұмыс

Кафедралардың және ПОҚ-тың оқу-әдістемелік және шығармашылық жұмыстарын қарау.

2.4. Практика, шығармашылық және тәрбие жұмыстары

Қаралған мәселелер және талқылау нәтижелері туралы ақпарат.

3. Факультет кеңесінің негізгі шешімдері мен ұсыныстары

Есептік кезеңде Факультет кеңесі қабылдаған негізгі шешімдер мен ұсыныстар тізімі.

4. Проблемалық мәселелер және ұсыныстар

Анықталған проблемалар сипаттамасы және оларды шешу бойынша ұсыныстар.

5. Факультет кеңесінің қызметінің қорытындылары

Факультет кеңесінің жұмысының тиімділігі туралы қорытынды бағалау және келесі оқу жылы үшін ұсыныстар.

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы		Г. Әбдірахман
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Ш. Ергөбек
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор		Қ. Халықов
Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы		А. Кульшанова
Оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы		А. Вырахманова
Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		А. Молдабаева
Заң бөлімінің басшысы		О. Тлегенова
Театр өнері факультетінің деканы		М. Сарыбай
Кино және телевизия факультетінің деканы		М. Бакеева
Өнертану факультетінің деканы		Д. Маткерим
Хореография факультетінің деканы		И. Аухадиев
Кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің деканы		Б. Байділда
Музыкалық өнер факультетінің деканы		В. Алпысбаева

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Бөлім	Т.А.Ә.	Күні	Қолы